

Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар тізбесіне, ал олар болмаған жағдайда зерттеу (сынау), өлшеу қағидалары мен әдістері және Кеден одағының "Қаптаманың қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 001/2011) техникалық регламенті талаптарын қолдану мен оны орындауға қажетті үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған ұлттық (мемлекеттік) стандарттарға өзгерістер енгізу және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 86 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде техникалық реттеу туралы Хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 4-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар тізбесінің, ал олар болмаған жағдайда зерттеу (сынау), өлшеу қағидалары мен әдістері және Кеден одағының "Қаптаманың қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 001/2011) техникалық регламенті талаптарын қолдану мен оны орындауға қажетті үлгілерді іріктеу және 2024 жылғы 29 қаңтардағы Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының № 9-шешімімен бекітілген техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру 3-ші бағанына, келесідей өзгерістер енгізілсін:

а) 94-позицияда "МЕМСТ 5037-2016" сөздері "МЕМСТ 33748-2016" сөздермен ауыстырылсын;

б) 184-позициядағы "МЕМСТ Р 51864-2008" сөздері "МЕМСТ Р 51864-2002" сөздермен ауыстырылсын;

в) 212-позициядағы "ҚР СТ ЕН 13593-2017" сөздері "ҚР СТ ЕН 13593-2017" сөздермен ауыстырылсын;

г) 213-позициядағы "МЕМСТ Р 51864-2008" сөздері "МЕМСТ Р 51864-2002" сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК